

9. Kovpak, D. V. (2005). Somatic manifestations of depression and their комплекс therapy. In V. I. Mazurov (Ed.), *Depressive disorders in general medical practice* (pp. 19–23). St. Petersburg: V. M. Bekhterev Research Institute of Psychoneurology.

Авторлар туралы мәлімет:

Прмантаева Гүлназ Өмірсерікқызы – хат-хабарларға жауапты автор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, Алматы, Қазақстан. E-mail: gulnaz.pirmantaeva@mail.ru

Құлахмет Молдабек – педагогика ғылымдарының кандидаты, академик, Tashenev University «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры, Шымкент, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Прмантаева Гүлназ Умирсериковна – автор для корреспонденции, PhD-докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: gulnaz.pirmantaeva@mail.ru

Кулахмет Молдабек – кандидат педагогических наук, академик, профессор кафедры педагогики и методики начального обучения Tashenev University, Шымкент, Казахстан.

Information about the Author

Gulnaz Umirserikovna Pirmantayeva – Corresponding Author, PhD Student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulnaz.pirmantaeva@mail.ru

Kulakhmet Moldabek – Candidate of Pedagogical Sciences, Academician, Professor at the Department of Pedagogy and Methods of Primary Education, Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan.

FTAXP 15.21.51

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.88.3.029>

А.М. Салкынбаева¹ , Н.Б. Серикбаева^{2*} , Ш.Ш. Абишева² , О.Г. Беленко² ,
А.К. Ералина³ 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

² «Шәкәрім университеті» КеАҚ (Семей қ., Қазақстан),

³ Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Түркістан қ., Қазақстан)

*E-mail: nurgul.sgpi@mail.ru

**SCL-EN әдістемесін қазақтілді іріктемеде мәдени-лингвистикалық
бейімдеу және психометриялық валидизациялау**

Аңдатпа

Аталмыш мақалада жеткіншектердің психосоматикалық денсаулығын диагностикалауға арналған ағылшын тіліндегі SCL_EN (Somatic Complaints List) әдістемесін қазақ тіліне мәдени-лингвистикалық бейімдеу және психометриялық валидизациялау нәтижелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – қазақтілді жеткіншектер іріктемесінде SCL_EN сауалнамасының сенімділігі мен валидтілігін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеу. Зерттеуге жалпы білім беретін мектептердің 472 оқушысы қатысты. Әдістеменің ішкі келісімділігі альфа Кронбах критерийі арқылы тексерілді, ал құрылымдық біртектілігін бағалау үшін пункт-қорытынды корреляциясы қолданылды. Психометриялық талдау нәтижесінде альфа Кронбах критерийі жоғары мәні (0,840) тіркеліп, әдістеменің ішкі жүйелілігі мен сенімділігі дәлелденді. Түзетілген пункт-қорытынды корреляциясының мәндері (0,329 - 0,664) әрбір сұрақтың жоғары дискриминативтілігін көрсетті. Сипаттамалық статистика мәліметтері жеткіншектерде созылмалы шаршаңқылық пен бас ауруы белгілерінің басым екенін нақтылады. Аталмыш зерттеу нәтижелері SCL_EN

әдістемесінің қазақша нұсқасын психологиялық тәжірибе мен ғылыми зерттеулерде қолданудың әдіснамалық негізділігін растайды.

Түйін сөздер: психосоматика, соматикалық шағымдар, SCL_EN, мәдени-лингвистикалық бейімдеу, психометриялық валидтілік, альфа Кронбах критерийі, жеткіншектер.

Салкынбаева А.М.¹, Серикбаева Н.Б.^{2*}, Абишева Ш.Ш.²

Беленко О.Г.², Ералина А.К.³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(г. Алматы, Казахстан)

²НАО «Шәкәрім университет» (г. Семей, Казахстан)

³Международный университет туризма и гостеприимства (г. Туркестан, Казахстан)

*e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru

Культурно-лингвистическая адаптация и психометрическая валидизация методики SCL_EN (список оценки соматических жалоб у детей) на казахоязычной выборке

Аннотация

В данной статье представлены результаты культурно-лингвистической адаптации и психометрической валидизации англоязычной методики SCL_EN (Somatic Complaints List) на казахском языке, предназначенной для диагностики психосоматического здоровья подростков.

Целью исследования является эмпирическое подтверждение надежности и валидности опросника SCL_EN на казахоязычной выборке. В исследовании приняли участие 472 учащихся общеобразовательных школ. Внутренняя согласованность методики проверялась с помощью альфы Кронбаха, а для оценки структурной однородности использовалась корреляция пунктов с общим баллом. В результате психометрического анализа был зафиксирован высокий показатель альфа Кронбаха (0,840), что доказывает внутреннюю системность и надежность методики. Значения скорректированной корреляции пунктов с общим баллом (0,329 - 0,664) подтвердили высокую дискриминативность каждого вопроса. Данные дескриптивной статистики выявили преобладание симптомов хронической усталости и головной боли у подростков.

Результаты исследования подтверждают методологическую обоснованность использования казахской версии методики SCL_EN в психологической практике и научных исследованиях.

Ключевые слова: психосоматика, соматические жалобы, SCL_EN, культурно-лингвистическая адаптация, психометрическая валидность, альфа Кронбаха, подростки.

Salkynbayeva A.¹, Serikbayeva N.^{2*}, Abisheva Sh.²
Belenko O.², Yeralina A.³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Non-profit joint-stock company «Shakarim University», Semey, Kazakhstan

³International university of tourism and hospitality, Turkestan, Kazakhstan

*e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru

Cultural-linguistic adaptation and psychometric validation of the scl_en (somatic complaints list for children) in a kazakh-speaking sample

Abstract

This article presents the results of the cross-cultural adaptation and psychometric validation of the English SCL_EN (Somatic Complaints List) into the Kazakh language, aimed at diagnosing the psychosomatic health of adolescents.

The purpose of the study is to empirically evaluate the reliability and validity of the SCL_EN questionnaire in a Kazakh-speaking sample. The study involved 472 public school students. The internal consistency of the scale was tested using Cronbach's alpha, and item-total correlations were used to assess structural homogeneity. The psychometric analysis revealed a high Cronbach's alpha value (0.840), demonstrating the internal consistency and reliability of the scale. The corrected item-total correlation values (0.329 - 0.664) confirmed the high discriminative power of each item. Descriptive statistics indicated a predominance of chronic fatigue and headache symptoms among adolescents. The findings confirm the methodological validity of applying the Kazakh version of the SCL_EN in psychological counseling and academic research.

Keywords: psychosomatics, somatic complaints, SCL_EN, cross-cultural adaptation, psychometric validity, Cronbach's alpha, adolescents.

Кіріспе. Қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасындағы психосоматикалық бұзылыстар мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда, өйткені мұндай жағдайлардың саны жыл сайын тұрақты түрде артып келеді (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Kondyurina et al., 2010). Зерттеулерге сәйкес, медициналық көмекке жүгінетін жасөспірімдердің 30%-дан 50%-ға дейіні психосоматикалық сипаттағы шағымдар тіркеледі (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025). Бұндай көрсеткіштер психосоматикалық бұзылыстардың сирек кездесетін құбылыс емес екенін және оларды диагностикалау мен емдеуде кешенді тәсілді қажет ететінін растайды (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Bobrova, 2024).

Жасөспірімдік кезең баланың ағзасында маңызды физиологиялық және психологиялық өзгерістер орын алатын кезең. Атап айтқанда жасөспірімдерде гормондары қайта құрылып, гипоталамус, гипофиз, бүйрек үсті безі жүйесінің белсендірілуімен және әлеуметтік қысымымен сипатталатын дағдарысты кезең (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Kondyurina et al., 2010). Аталмыш кезеңде жасөспірімнің ағзасы стресске өте сезімтал болады. Оның бойында эмоциялық шиеленістің жинақталуы соматикалық симптомдар ретінде көрініс табады (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Kondyurina et al., 2010). Психосоматикалық бұзылыстар тек дене денсаулығына ғана емес, сонымен бірге жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне, үлгеріміне және тұлғалық дамуына елеулі нұқсан келтіреді (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Bobrova, 2024). Біз өз зерттеуімізде аталған өзгерістерді бақылауға алу үшін қазақстандық жасөспірімдердің хал-ахуалын, денсаулығын байқау мақсатында шет елдік әдістемені қазақ тіліне аударып, бейімдеуді мақсат етіп отырмыз.

Зерттеу деректері жасөспірімдердегі мазасыздық, соматикалық белгілер (созылмалы бас аурулары, іштің ауруы, тері аурулары) арасында айқын корреляцияның бар екенін көрсетеді (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025). Сонымен қатар, отбасындағы қарым-қатынас, атап айтқанда мөлшерден тыс қамқорлық, ата-ана назарының жетіспеушілігі немесе отбасылық жанжалдар жасөспірімдердегі бұзылыстардың дамуының маңызды факторларына айналады (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025). Соңғы жылдары нейрогенетикалық зерттеулер аясында адам миының қызметін, оның көңіл-күйін, эмоциясын және мінез-құлқын реттеуге қатысатын өте маңызды геннің әртүрлі нұсқада нейромедиаторлардың алмасуына әсер ете отырып, мінез-құлық ерекшеліктері мен эмоциялық тұрақсыздықтың предикторы ретінде қарастырылуда (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Afonicheva et al., 2024). Аталмыш геннің белсенділігі төмен болғанда адамдар стресске, қауіпке немесе агрессияға өте сезімтал келеді. Сол себепті оны «жауынгер» ген деп те атайды.

Бүгінгі таңда клиникалық тәжіриде психосоматикалық бұзылыстарды жете бағаламау мәселесі өзектілігін жоғлтқан жоқ (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Eremina, 2008). Дәрігерлер мен ата-аналар көбінде психологиялық себептерді ескермеуі мүмкін. Олар тек соматикалық белгілерге ғана назар аударатын жағдайлар да жиі кездеседі. Осындай жағдайдың салдары емнің тиімсіз болуына және сырқаттың созылмалы түрге ауысуына әкеледі (Bobrova, 2024; Churina, 2011; Kondyurina et al., 2010; Salekhov et al., 2016). Сондықтан, жасөспірімдердің психоэмоция-

лық күйін ерте диагностикалау және медициналық еммен қатар психотерапиялық қолдауды (арт-терапия, ойын терапиясы, релаксация) қамтитын алдын алу шараларын жүргізу өте маңызды. Осы тұста аталмыш мақалада ұсынып отырған әдістеменің қазақ тіліне бейімделуі қазақ тілді жасөспірімдердің соматикалық хал-ахуалын зерттеуге өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

Негізгі бөлім Қазіргі таңда қазақ тілді жасөспірімдердің соматикалық шағымдарын бағалаудың сенімді құралдарының тапшылығы орын алуда. Сол себепті осы бағыттағы зерттеулердің қажеттілігі дереккөздердегі келесі маңызды аспектілермен айшықталады:

Біріншіден, қарастырылып отырған мәселені зерттеуде сенімді диагностикалық құралдардың жеткіліксіздігі және оларды нақтылау қажеттілігі әлі де маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Әдеби деректерді талдау көрсеткендей, халықаралық тәжірибеде кеңінен пайдаланылатын «Балалардың соматикалық симптомдарының сауалнамасы» (CSSI-8) әдістемесінің орыс тіліндегі нұсқасын бейімдеу жұмыстары салыстырмалы түрде жақында қолға алынған (Zolotareva & Khagai, 2024). Оған дейін орыс тілді респонденттерге арналған психодиагностикалық құралдардың бейімделген әрі стандартталған нұсқаларының саны шектеулі болған (Zolotareva, 2022). Осы тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуіміздің негізгі үлесінің бірі – аталған әдістемені қазақ тілінде сөйлейтін жасөспірімдерге бейімдеу. Әдістеменің қазақ тіліндегі нұсқасын әзірлеу оның тілдік және мәдени ерекшеліктерге сәйкестігін арттырып қана қоймай, Қазақстан жағдайында жасөспірімдерде байқалатын соматикалық симптомдарды анықтауға арналған сенімді диагностикалық құрал ретінде қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.

Екіншіден, Қазақстан жағдайында соматикалық өзгерістері бар жасөспірімдерге арналған эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Атап айтқанда, сколиозы бар жасөспірімдердің өзін қабылдауы мен психикалық денсаулық жағдайын бағалауға бағытталған зерттеулердің Қазақстан Республикасында бұрын жүйелі түрде жүргізілмегені көрсетіледі (Kuanyshev & Zheksenova, 2023). Бұл жағдай жасөспірімдердің денсаулық ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан зерделеуге бағытталған зерттеулерді кеңейтудің қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстанда психодиагностика саласы соңғы үш онжылдықта едәуір қарқынмен дамығанына қарамастан, шетелдік диагностикалық әдістемелердің елеулі бөлігі ұлттық тілдік, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып қайта қарауды және бейімдеуді қажет етеді (Kultanova et al., 2025; Manatova, 2020; Mynbayeva, 2018). Сондықтан психологиялық құралдарды қазақ тілді ортаға бейімдеу тек тілдік аудармамен шектелмей, олардың мазмұндық және мәдени сәйкестігін қамтамасыз етуді де көздеуі тиіс.

Үшіншіден, зерттеудің өзектілігін арттыратын маңызды факторлардың бірі – жасөспірімдер арасында соматикалық симптомдардың салыстырмалы түрде жоғары деңгейде кездесуі. HBSC зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, Қазақстанда 15 жастағы әрбір үшінші қыз бала (31%) аптасына кемінде бір рет бас ауруына шағымданады. Сонымен бірге жас ұлғайған сайын психикалық денсаулыққа қатысты мәселелердің күшею үрдісі байқалады (National Center for Public Health, 2023). Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің психологиялық жай-күйі мен денелік шағымдарының өзара байланысын тереңірек зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Төртіншіден, соматикалық шағымдардың артында жасырын психологиялық немесе психосоматикалық бұзылыстардың болуы мүмкін екенін және олардың клиникалық маңызын ескеру қажет. Медициналық көмекке жүгінетін жасөспірімдердің шамамен 30–50%-ында психосоматикалық сипаттағы әртүрлі шағымдар кездесетіні көрсетілген (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025). Соған қарамастан, тәжірибеде мұндай жағдайларды жүйелі түрде анықтау, бақылау және бағалау үнемі жүзеге асырыла бермейді. Нәтижесінде жасөспірімнің психологиялық және денелік жағдайы күрделеніп, қажетті медициналық және психологиялық көмекті үйлесімді ұйымдастыруда қиындықтар туындауы ықтимал (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025).

Бесіншіден, жасөспірімдердегі соматикалық симптомдардың әлеуметтік және психологиялық салдарын назардан тыс қалдыруға болмайды. Психологиялық жайсыздықтың денелік шағымдар арқылы көрініс табуы баланың күнделікті белсенділігіне, эмоционалдық жағдайына

және оқу үдерісіне әсер етуі мүмкін. Мұндай қиындықтар оқу үлгерімінің төмендеуіне, құрдас-тарымен қарым-қатынастың шектелуіне және әлеуметтік оқшаулануға алып келуі ықтимал. Ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалған жағдайда бұл факторлар денсаулық жағдайының одан әрі нашарлауына және созылмалы сипаттағы мәселелердің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін (Zolotareva & Khegai, 2024).

Алтыншыдан, диагностикалық әдістемелерді мәдени ортаға бейімдеу мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Психологиялық бағалау құралдарының нәтижелілігі олардың тілдік ерекшеліктермен қатар, белгілі бір қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтары мен қабылдау ерекшеліктеріне сәйкестігіне де байланысты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері Қазақстанда психикалық денсаулықты қорғауға бағытталған іс-шараларды жергілікті мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастырудың қажеттілігін атап көрсетеді (Kultanova et al., 2025; Zolotareva, 2023). Осыған байланысты CSSI-8 әдістемесін қазақ тілді жасөспірімдерге бейімдеу Қазақстандағы психодиагностикалық тәжірибені жетілдіруге және жасөспірімдердің соматикалық симптомдарын неғұрлым дәл бағалауға мүмкіндік беретін маңызды қадам ретінде қарастырылады.

Осылайша, сенімді құралдардың жасақталуы мен қолданылуы жасөспірімдердің психосоматикалық жағдайын ерте анықтауға және дер кезінде кешенді психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді (Abdullaeva & Abdullaeva, 2025; Zolotareva & Khegai, 2024; Zolotareva, 2022).

Халықаралық тест комиссиясы психологиялық әдістемелерді аудару мен бейімдеудің халықаралық стандарттарын ұсынып, оны 6 санатқа біріктірілген 18 негізгі нұсқаулықты қамтиды:

- алғышарттар (3),
- тестті әзірлеу (5),
- растау (4),
- әкімшілендіру (2),
- ұпайларды есептеу және интерпретациялау (2),
- құжаттама (2) (Hernández et al., 2020; International Test Commission, 2017).

Аталмыш ұйым әдістемені тілдік контекстіге сай бейімдеу процесінің басты қағидаттарын да ұсынады:

Біріншіден, зияткерлік меншік құқығын сақтау маңызды. Кез келген бейімдеу жұмыстарын бастамас бұрын тест иесінен ресми рұқсат алу қажет (Hernández et al., 2020; International Test Commission, 2017). Біз өз кезегінде аталмыш қағидатты орындадық. Тест авторымен электрондық пошта арқылы байланыс орынатып, ресми келісімін алдық.

Екіншіден, әдістеме құрылымының сәйкестігін айқындау қажет. Өлшенетін психологиялық конструкт мақсатты мәдениетте (қазақ қоғамында) бастапқы мәдениеттегідей мағынаға ие екендігіне көз жеткізу керек (Hernández et al., 2020; International Test Commission, 2017). Аталмыш қағидатты жүзеге асыру барысында біз кері аударманы жасап, әдістемені тілдік контекстіге сәйкестендірдік.

Үшіншіден, әдістемені бейімдеуде біліктілігі сәйкес мамандар таңдау қажеттігі. Психологиялық әдістемені бейімдеу тобына кәсіби аудармашылармен қатар, өлшенетін конструкт бойынша сарапшылар, әдістемені құрастырушылар және мақсатты мәдениетті терең білетін мамандар кіруі тиіс (Hernández et al., 2020; International Test Commission, 2017). Осы тұста біз филология, психология салалары бойынша арнайы сарапшылармен тығыз жұмыс жасадық. Кәсіби аудармашылар, тіл мамандары, әдістемелерді бейімдеумен айналысатын білікті мамандар тартылды.

Төртіншіден, әдістемені бейімдеуде әкімшілендіру стандарттарын сақтау маңызды. Әдістемені өткізу жағдайлары, нұсқаулықтардың түсініктілігі мен жауап беру форматы барлық топтар үшін ұқсас болуы тиіс (Hernández et al., 2020; International Test Commission, 2017). Аталмыш шарт толық қамтамасыз етіліп, топтағы сыналушылармен жеке жұмыс жасалынды. Егер, әдістеменің сыналушы үшін түсініксіз тұстары болса, ол хабарланып, әдістеменің конструктіне сәйкес өзгертулер енгізілді. Аталмыш шара бірнеше рет қайталанды.

Жоғарыда аталған жағдайлар қатаң сақталған жағдайда ғана психологиялық әдістемелердің мәдени-лингвистикалық бейімделу кезеңдері толық сақталып, оны сенімді деуге толық негіз болады. Біз өз кензегімізде барлық шартты толық сақтады деп нық сеніммен айта аламыз.

Аталмыш қағидаттардың қатаң сақталуы әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасындағы кез келген әдіснамалық және психометриялық ауытқулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әдістемені «аудару» мен «бейімдеу» арасында маңызды айырмашылық бар екенін баса айтқымыз келеді. Аударма тек тілдік мағынаны сақтауға бағытталса, бейімдеу білім беру және психологиялық эквиваленттілікті қамтамасыз ететін ауқымды іс-шараларды қамтиды (International Test Commission, 2017). Визуалды көркемдігі үшін ақпаратты кесте түрінде ұсынамыз.

Кезең реті	Іс-шара	Түрі	Мысалы
1	Әдістемені бейімдеуде аударма дизайнының сақталуы	«Тікелей және кері аударма» әдісі (Hernández-Torrano et al., 2021; National Academy of Education named after I. Altynsarin, 2025).	BIAJS және MHC-SF әдістемелерін қазақ тіліне бейімдеу кезінде екі тәуелсіз аудармашының нұсқалары салыстырылып, кейін ағылшын тіліне кері аударылып, бастапқы нұсқамен сәйкестігі тексерілген (Hernández-Torrano et al., 2021; Uristemova et al., 2023).
2	Лингвистикалық сәйкестендіру	Кейбір сөйлем құрылымдары немесе идиомалар басқа тілде мағынасын жоғалтуы мүмкін.	Р. Амтхауэр тестін қазақ тіліне бейімдеу барысында мақал-мәтелдер мен кейбір есептеу бірліктері (валюталар) қазақстандық мәдениетке жақын баламалармен алмастырылған (Nuradinov et al., 2022).
3	Когнитивті сұхбаттасу	Тест тапсырмаларының респонденттерге қалай түсінікті екенін тексеру үшін «дауыстап ойлау» әдісі арқылы пилоттық сынақтар жүргізіледі (National Academy of Education named after I. Altynsarin, 2025).	Бұндай шараның сақталуы әдістемедегі сөйлемдердің мәніндегі екіұштылықты жоюға көмектеседі.

Осылайша, аталмыш психометриялық талаптардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы SCL_EN әдістемесінің қазақша нұсқасын ғылыми айналымға енгізудің және оны психологиялық диагностикада сенімді құрал ретінде пайдаланудың басты әдіснамалық кепілі болады.

Халықаралық тест комиссиясының (ИТС) әдіснамалық нұсқаулықтары мен заманауи психометриялық қағидаттарды негізге ала отырып, аталмыш зерттеу аясында SCL_EN (Балалардың соматикалық шағымдарын бағалау тізімі) әдістемесі қазақ тіліне мәдени-лингвистикалық тұрғыдан бейімделіп, қазақтілді іріктемеде эмпирикалық сынақтан өткізілді. Әдістеменің бастапқы ағылшын тіліндегі нұсқасын қазақ мәдениетіне сәйкестендіру мақсатында «Тікелей және кері аударма» (Forward-Backward translation) дизайны қатаң сақталды. Осы орайда алдымен екі тәуелсіз аудармашы әдістемені қазақ тіліне аударып, алынған нұсқалар сараптамадан өткеннен кейін, ағылшын тілін жетік меңгерген басқа маман тарапынан қайтадан түпнұсқа тіліне кері аударылды. Кері аударылған нұсқаның бастапқы мәтінмен семантикалық сәйкестігі толық дәлелденіп, пилоттық сынақта жүргізілген когнитивті сұхбаттасу нәтижесінде жасөспірімдердің сұрақтарды қабылдауындағы екіұштылықтар толық жойылды.

Әдістеменің қазақша нұсқасының ішкі жүйелілігі мен сенімділігін анықтау мақсатында қазақтілді іріктемеде есептелген альфа Кронбах коэффициенті есептелді. Аталмыш шараның жүзеге асырылуы әдістеменің тұлғалық және скринингтік диагностика жүргізуге толық жарамды екенін дәлелдейді.

Балалар мен жасөспірімдердің психосоматикалық денсаулығын бағалауда халықаралық диагностикалық стандарттарға сәйкес келетін скринингтік құралдардың қолданылуы (American Educational Research Association et al., 2014) заманауи психологиялық өлшеу теориясының басты талаптарының бірі. Осы орайда, аталмыш зерттеудің негізгі объектісі ретінде қарастырылған SCL_EN (Somatic Complaints List) әдістемесі жасөспірімдердің күнделікті өмірінде кездесетін физикалық шағымдарының жиілігі мен қарқындылығын жедел әрі нақты анықтауға мүмкіндік беретін тиімді психометриялық құрал. Аталмыш сауалнама тұлғаның ішкі эмоциялық күйзелістері мен мазасыздық деңгейінің денедегі симптомдар арқылы көріну дәрежесін өлшеуге бағытталған.

Әдістеменің мазмұндық құрылымы 10 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктерін ескереді. Әдістеме 11 қысқа тұжырымнан құралған. Тұжырымдар 3 ұпайлық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланады («Ешқашан/Өте сирек» – 0, «Кейде» – 1, «Жиі/Әрқашан» – 2). Әдістемедегі сұрақтар мазмұны бойынша жасөспірімдер арасында жиі кездесетін вегетативтік және неврологиялық реакцияларды (бас ауруы, бас айналуы, дірілдеу), астениялық күйлерді (жалпы әлсіздік пен шаршаңқылық сезімдері), асқазан-ішек жолдарының психосоматикалық көріністерін (іштің ауруы мен жүректің айнуы), сондай-ақ қозғалыс-тірек жүйесіндегі жайсыздық белгілерін жан-жақты қамтиды. Сонымен қатар, сауалнама құрылымына респонденттің жауап берудегі зейіні мен субъективті денсаулық күйін бағалауға мүмкіндік беретін реверсивті (кері) тұжырымдар да енгізілген.

Аталмыш зерттеудің әдіснамалық негізі SCL_EN (Балалардың соматикалық шағымдарын бағалау тізімі) әдістемесін қазақтілді іріктемеде мәдени-лингвистикалық бейімдеу және оның психометриялық қасиеттерін эмпирикалық деңгейде сынақтан өткізуге бағытталған. Зерттеудің бас жиынтығы ретінде жалпы білім беретін мектептердің жасөспірімдері алынып, кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы жалпы саны N=534 сыналушы қамтылды. Алынған мәліметтер массивін валидтілік пен толықтық критерийлері бойынша алдын ала өңдеу нәтижесінде, өрескел ауытқулары бар немесе толық толтырылмаған сауалнамалар қысқартылып, түпкілікті эмпирикалық талдауға 472 респонденттің мәліметтері (N=472) енгізілді.

Зерттеудің әдіснамалық дизайны үш негізгі кезеңнен тұрды:

Кезең	Шара	Жүзеге асырылуы
1	Әдістеменің ағылшын тіліндегі түпнұсқасын қазақ тіліне бейімдеу үшін «Тікелей және кері аударма» дизайны қолданылды.	Екі тәуелсіз аудармашы мен психолог-сарапшылардың қатысуымен лингвистикалық және семантикалық эквиваленттілік қамтамасыз етілді.
2	Әдістеме элементтерінің сипаттамалық статистикалық параметрлері өлшенді. Әдістеменің әр пунктының орташа мәні, стандартты ауытқуы, сондай-ақ асимметрия және эксцесс көрсеткіштері есептелді.	Өлшемдер мәліметтердің қалыпты таралу заңдылығын (Гаусс таралуы) және таңдалған іріктеменің математикалық біртектілігін тексеруге мүмкіндік берді.
3	Әдістеменің ішкі жүйелілігі мен сенімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мақсатында альфа Кронбах коэффициенті есептелді.	Сондай-ақ, әрбір жеке элементтің жалпы конструктіні өлшеуге қосатын үлесі бағаланды. Ол үшін түзетілген пункт-қоыртынды корреляциясы және пункттерді алып тастағандағы альфа Кронбах коэффициентінің мәндері талданды.

Барлық математикалық-статистикалық есептеулер мен деректерді өңдеу процедуралары әлеуметтік ғылымдарға арналған SPSS (v.26.0) бағдарламалық пакетінің көмегімен жүзеге асырылды.

Нәтижелердің талқылануы Балалардың психосоматикалық денсаулығын айқындау тұлғаның ішкі эмоциялық жағдайының физикалық деңгейдегі проекциясын сипаттайды. Төмендегі 1-кестеде эмпирикалық мәліметтердің сипаттамалық статистикалық көрсеткіштері ұсынылған.

Кесте 1 – Сипаттамалық статистика нәтижелері (N=472)

	N	Мини-мум	Макси-мум	Орташа мәні	Стандартты ауытқу	Ассиметрия	Экссесс
1. Менің басым айналды	472	0	2	,79	,682	,293	-,857
2. Мен өзімді шаршаңқы сезіндім.	472	0	2	,95	,646	,048	-,602
3. Менің ішім ауырды.	472	0	2	,75	,596	,156	-,522
4. Мен өзімді денім сау және сергек сезіндім.	472	0	2	,57	,661	,738	-,533
5. Мен қолым мен аяғымда ауырысыну сезіндім.	472	0	2	,71	,687	,439	-,847
6. Мен денемде әлсіздік сездім.	472	0	2	,73	,689	,417	-,864
7. Мен өзімді жақсы сезіндім.	472	0	2	,39	,583	1,210	,461
8. Менің басым ауырды.	472	0	2	,84	,614	,109	-,458
9. Мен өзімді науқас сезіндім.	472	0	2	,32	,546	1,509	1,338
10. Мен денемнің дірілдегенін сездім	472	0	2	,59	,661	,672	-,602
11. Менің жүрегім айныды.	472	0	2	,68	,691	,518	-,822
N валидных (по списку)	472						

1-кестеден көріп отырғанымыздай, алынған мәліметтерді талдау барысында зерттеу тобындағы балалардың соматикалық күйзеліс деңгейінің орташа көрсеткіштері нақтыланды. Аталмыш нәтижелер арасында ең жоғары көрсеткіш «Мен өзімді шаршаңқы сезіндім» ($M=0,95$; $SD=0,646$) тармағына тиесілі екені байқалады. Керісінше, ең төменгі орташа мән «Мен өзімді науқас сезіндім» ($M=0,32$; $SD=0,546$) сұрағында тіркелді.

Психологиялық зерттеудің шынайылығы мен нәтижелердің репрезентативтілігін байқау үшін эмпирикалық мәліметтерді іріктеу сапасы бағаланды. Төмендегі 2-кестеде зерттеу нысандары бойынша бақылаулардың жиынтық есебі ұсынылған.

Кесте 2 – Таңдау тобы бойынша мәліметтерді өңдеудің жиынтық есебі (N=534)

		N	%
Бақылаулар	Валидты	472	88,4
	Шығарылды ^a	62	11,6
	Барлығы	534	100,0

2-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеу барысында жалпы саны 534 бақылау бірлігі қамтылды. Аталмыш іріктемеден валидтілік талаптарына толық сәйкес келетін 472 анкета (88,4%) іріктеп алынды. Айнымалылар бойынша мәліметтері толық емес немесе қате толтырылған 62 бақылау (11,6%) шығарылды. Мәліметтердің жоғары валидтілік пайызы алынған ғылыми қорытындылардың сенімділігін айғақтайды. Демек, нәтижелер алдағы уақытта тереңдетілген статистикалық операцияларды жүргізуге толық негіз береді.

Психологиялық өлшеу құралдарының ішкі келісімділігі мен сенімділігін тексеру эмпирикалық мәліметтердің ғылыми құндылығын айқындайтын іргелі процедура. SCL_EN әдістемесінің психометриялық сипаттамаларын саралау алынған нәтижелердің теориялық тұрақтылығын кепілдендіреді. Аталмыш кезеңде альфа Кронбах коэффициенті арқылы элементтерінің өзара байланысы мен шкаланың біртектілігі бағаланды. Нәтижесі төмендегі 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3 – SCL_EN әдістемесінің сенімділік статистикасы (N=472)

альфа Кронбах коэффициенті	N элемент
,840	11

3-кестеден көріп отырғанымыздай, аталмыш әдістеменің 11 элементі бойынша есептелген альфа Кронбах коэффициенті 0,840-ге тең болды. Аталмыш көрсеткіш психометриялық шкаланың ішкі жүйелілігі мен сенімділігінің жоғары деңгейін айғақтайды. Ғылыми стандарттарға сәйкес 0,8 мәнінен асатын көрсеткіш зерттеу құралының балалардың соматикалық шағымдарын өлшеудегі жоғары дәлдігін растайды. Аталмыш нәтиже жасөспірімдердің эмоциялық күйі мен физикалық симптомдары арасындағы байланысты зерттеуге арналған құралдың жарамдылығын негіздейді. Алынған мәліметтер әдістеменің одан арғы тереңдетілген статистикалық талдауларға қажет психометриялық талаптарға толық сай келетінін дәлелдейді. Аталмыш жоғары сенімділік коэффициенті зерттеу барысында алынатын кез келген байланыстардың кездейсоқ еместігіне ғылыми кепілдік береді.

Соматикалық шағымдардың құрылымдық компоненттерін саралануының нәтижесінде баланың психофизиологиялық дамуының өзіндік индикаторы рөлін айшықтай аламыз. Аталмыш әдістеменің әрбір элементі бойынша сипаттамалық көрсеткіштерді талдауы жасөспірімдердегі физикалық жайсыздықтың басым түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Жекелеген симптомдар мәнінің зерттелуі жалпы психосоматикалық көріністі нақтылаудың кепілі.

Психологиялық өлшеу құралдарының ішкі құрылымдық біртектілігін саралауда пункттердің жиынтық баллмен өзара байланысының зерттелуі шешуші рөл атқарады. Аталмыш талдау әрбір жеке сұрақтың зерттеліп отырған психологиялық конструктыны ашудағы диагностикалық үлесін айқындауға мүмкіндік береді. Пункттердің дискриминативтілігін бағалау арқылы әдістеменің мазмұндық валидтілігі мен ішкі жүйелілігі нақтыланады. Төмендегі 4-кестеде SCL_EN әдістемесінің элементтеріне жүргізілген статистикалық сынақ нәтижелері ұсынылған.

Кесте 4 – SCL_EN әдістемесі пункттерінің жиынтық баллға қатысты статистикалық көрсеткіштері (N=472)

	Пунктті алып тастағандағы орташа мән	Пунктті алып тастағандағы дисперсия	Түзетілген пункт	Пунктті алып тастағандағы альфа Кронбах
1. Менің басым айналды	6,53	15,583	,595	,820
2. Мен өзімді шаршаңқы сезіндім.	6,36	15,795	,592	,820
3. Менің ішім ауырды.	6,57	16,327	,533	,826
4. Мен өзімді денім сау және сергек сезіндім.	6,74	17,023	,329	,843

5. Мен қолым мен аяғымда ауырысыну сезіндім.	6,60	16,117	,483	,830
6. Мен денемде әлсіздік сездім.	6,59	15,207	,664	,813
7. Мен өзімді жақсы сезіндім.	6,92	17,090	,378	,837
8. Менің басым ауырды.	6,47	15,897	,608	,819
9. Мен өзімді науқас сезіндім.	7,00	16,820	,477	,830
10. Мен денемнің дірілдегенін сездім	6,72	15,922	,548	,824
11. Менің жүрегім айныды.	6,63	16,037	,495	,829

4-кестеден көріп отырғанымыздай, аталмыш статистикалық мәліметтердің талдауы шкала элементтерінің жоғары деңгейдегі ішкі үйлесімділігін айғақтайды. Түзетілген пункт-қорытынды корреляциясының барлық көрсеткіштері 0,3-тен жоғары мәнге ие. Аталмыш жағдай әрбір пункттің жалпы соматикалық шағымдар деңгейін өлшеуге елеулі үлес қосатынын растайды. Төмендегі 5-кестеде шкалалардың жиынтық статистикасы ұсынылған.

Кесте 5 – Шкаланың жиынтық статистикасы (N=472)

Орташа	Дисперсия	Стандартты ауытқу	N элемент
7,31	19,252	4,388	11

5-кестеден көріп отырғанымыздай, шкала бойынша тіркелген орташа мән (7,31) соматикалық симптомдардың орташа деңгейін айқындайды. Барлық көрсеткіштер алынған эмпирикалық мәліметтердің репрезентативтілігіне сәйкес келеді деуге толық негіз бар.

Қорытынды. SCL_EN (Балалардың соматикалық шағымдарын бағалау тізімі) әдістемесі бойынша жүргізілген кешенді эмпирикалық және психометриялық талдау нәтижелері зерттеудің теориялық болжамын тексеруге мүмкіндік беретін бірқатар маңызды ғылыми қорытындыларды айқындады.

Біріншіден, аталмыш әдістеменің ішкі келісімділігін тексеру барысында альфа Кронбах коэффициентінің жоғары мәні (0,840) тіркелді. Аталмыш көрсеткіш шкаланың балалар мен жасөспірімдердің психосоматикалық жағдайын өлшеудегі ғылыми тұрақтылығы мен жоғары сенімділігін айғақтайды. Түзетілген пункт-қорытынды корреляциясының мәндері (0,329 - 0,664) әрбір жеке элементтің зерттеліп отырған психологиялық конструктіні ашуға қосатын диагностикалық үлесінің маңыздылығын дәлелдейді. Бірде-бір пунктін алып тасталынуы жалпы сенімділікті арттырмайтынын ескерсек, аталмыш әдістеменің барлық 11 элементі психометриялық талаптарға толық сәйкес келеді.

Екіншіден, сипаттамалық статистика нәтижелері жасөспірімдер арасындағы физикалық жайсыздық белгілерінің өзіндік иерархиясын көрсетті. Ең жоғары орташа мәндер келесі симптомдарда тіркелді:

«Мен өзімді шаршаңқы сезіндім» (M=0,95)

«Менің басым ауырды» (M=0,84)

«Менің басым айналды» (M=0,79)

Аталмыш заңдылық жасөспірімдік кезеңдегі жоғары психоэмоциялық жүктеменің, когнитивтік шаршаудың және вегетативтік дисфункция белгілерінің басымдылығын айғақтайды.

Осылайша, SCL_EN әдістемесін қазақ тіліндегі нұсқаусын бейімдеу үшін жүргізілген мәдени-лингвистикалық шараар аталмыш нұсқаны ғылыми айналымға енгізуге және оны

жасөспірімдердің психосоматикалық денсаулығын зерттеуде сенімді де валидті құрал ретінде қолдануға толық негіз береді.

Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, SCL_EN әдістемесінің қазақша нұсқасы қысқа әрі респонденттерді шаршатпайтын құрылымының арқасында білім беру мекемелерінде ауқымды скринингтік зерттеулер жүргізуге, жасөспірімдердің психоэмоциялық күйзелісін ерте сатысында анықтауға және оларға дер кезінде психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін ғылыми негізделген құрал ретінде қолдануға болады.

Зерттеудің шектеулері. Аталмыш зерттеудің ғылыми құндылығы мен алынған нәтижелердің жоғары сенімділігіне қарамастан, оның нәтижелерін кеңірек контексте қолдануды шектейтін бірқатар әдіснамалық аспектілер бар:

Біріншіден, іріктеменің локальді сипаты. Зерттеуге тек белгілі бір өңірдегі жалпы білім беретін мектептердің жасөспірімдері (N=472) қатысты. Аталмыш жағдай алынған нәтижелерді Қазақстанның барлық аймақтарындағы (мысалы, ауылдық және қалалық жерлердегі айырмашылықтарды ескере отырып) жасөспірімдер популяциясына толық деңгейде таратуға (генерализациялауға) белгілі бір дәрежеде шектеу қояды.

Екіншіден, өз-өзін бағалау әдістерінің субъективтілігі. Мәліметтер тек жасөспірімдердің өз-өзін бағалауына негізделген сауалнамалар арқылы жиналды. Аталмыш жағдай әлеуметтік жағымды жауап беру бетбұрысы мен сыналұшылардың сол сәттегі эмоциялық күйінің әсерінен туындайтын субъективті ауытқуларға алып келуі мүмкін.

Үшіншіден, кросс-секционды зерттеу дизайны. Мәліметтердің бір уақытта жиналуы соматикалық шағымдардың жас ерекшелігіне қарай өзгеру динамикасын ұзақ мерзімді (лонгитюдті) тұрғыдан қадағалауға мүмкіндік бермейді.

Зерттеудің болашағы. Аталмыш зерттеудің шектеулерін еңсеру және SCL_EN әдістемесінің психометриялық мүмкіндіктерін одан әрі тереңдету мақсатында алдағы зерттеу барысында келесідей ғылыми-әдіснамалық қадамдарды жүзеге асыру жоспарланып отыр:

1. Факторлық құрылымды дәлелдеу кезеңі. Әдістеменің қазақ тіліне бейімделген нұсқасының латенттік құрылымын және мазмұндық валидтілігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу үшін Зерттеушілік факторлық талдау (EFA – Exploratory Factor Analysis) жүргізіледі. Аталмыш қадам қазақтілді іріктемедегі соматикалық шағымдардың өзіндік факторлық жүктемелерін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Құрылымдық модельді растау кезеңі. Әдістеменің түпнұсқа теориялық моделі мен қазақша нұсқасының сәйкестігін (goodness of fit) математикалық деңгейде бекіту мақсатында Растаушы факторлық талдау (CFA – Confirmatory Factor Analysis) жүзеге асырылады. Аталмыш жоғары деңгейлі статистикалық талдау әдістеменің өлшеу модельдерінің тұрақтылығын кепілдендіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдуллаева В.К., Абдуллаева Я.Д. Психосоматические расстройства у подростков: ключевые факторы риска // *ActaSAMU*. – 2025. – Т. 9, Вып. 9. – С. 114–118.
2. Кондюрина Е.Г., Зеленская В.В., Ёлкина Т.Н. и др. Профилактика психосоматической патологии у подростков // *Сибирское медицинское обозрение*. – 2010. – № 3. – С. 1–5.
3. Боброва К.В. Психосоматика у подростков: современные методы работы с психосоматическими расстройствами // *Молодой ученый*. – 2024. – № 5 (504). – С. 105–107.
4. Афоницева К.В., Марченко И.В., Смольникова М.В. Полиморфизм гена MAOA (rs1137070) у подростков с проблемным использованием компьютерных видеоигр // *OpenBio*. – 2024. – С. 445–446.
5. Еремина Е.К. Психологическая коррекция психосоматических расстройств в детском возрасте // *Вестник практической психологии образования*. – 2008. – Т. 5, № 3. – С. 92–96.
6. Салехов С.А., Гордеева Е.Г., Есаулов В.И. и др. Роль психологического стресса в формировании психосоматической патологии // *Образовательный вестник «Сознание»*. – 2016. – Т. 18, № 5. – С. 13–18.

7. Чурина К.И. Внутренняя картина болезни и совладающее поведение подростков с хроническими соматическими заболеваниями. Введение в проблему // Психологическая наука и образование. – 2011. – С. 240.
8. Золотарева, А. А. Адаптация русскоязычной версии детского опросника соматических симптомов на выборке детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей / А. А. Золотарева, А. С. Хегай // Психологическая наука и образование. – 2024. – Т. 29, № 2. – С. 65–75
9. Золотарева, А. А. Оценка соматических симптомов в общей популяции: стандартизация русскоязычной версии PHQ-15 / А. А. Золотарева // Культурно-историческая психология. – 2022. – Т. 18, № 4. – С. 38–46.
10. Куанышев, Д. Ж. Оценка самовосприятия и психического здоровья подростков со сколиозом / Д. Ж. Куанышев, А. Н. Жексенова // West Kazakhstan Medical Journal. – 2023. – № 65 (1). – С. 29–34.
11. Мынбаева, А. К. История психодиагностики в Казахстане и Китае: кросс-культурный анализ / А. К. Мынбаева // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2018. – № 66 (3). – С. 44–52.
12. Kultanova, E. Adaptation and Evaluation of a Quality of Life Questionnaire for Patients with Hemophilia in the Republic of Kazakhstan / E. Kultanova, Z. Dushimova, Y. Ibraeva // Astana Medical Journal. – 2025. – Vol. 125, № 6. – Art. amj008.
13. Манатова, А. М. Оценка нарушений неспецифической резистентности и психологического статуса у потомков лиц, подвергшихся радиационному воздействию: дис. ... д-ра философии (PhD) : 6D110100 / А. М. Манатова. – Семей : НАО «Медицинский университет Семей», 2020. – 143 с..
14. Социсследования: особенности психического здоровья подростков в Казахстане // Национальный центр общественного здравоохранения (НЦОЗ) [Электрондық ресурс]. – 2023. – URL: <https://hls.kz> (жүгіну уақыты: 03.05.2026).
15. Золотарева, А. А. Русскоязычная адаптация симптоматического опросника (Symptom Checklist-K-9, SCL-K-9) / А. А. Золотарева // Сибирский психологический журнал. – 2023. – № 89. – С. 105–115.
16. Hernández, A., Hidalgo, M. D., Hambleton, R. K. & Gómez-Benito, J. (2020). International Test Commission guidelines for test adaptation: A criterion checklist. *Psicothema*, 32 (3), 390-398. doi: 10.7334/psicothema2019.306
17. The ITC Guidelines for Translating and Adapting Tests (Second edition) / International Test Commission. – [S. l.], 2017. – 41 p. www.InTestCom.org
18. Hernández-Torrano, D. Validation of a Kazakhstani Version of the Mental Health Continuum—Short Form / D. Hernández-Torrano, L. Ibrayeva, A. Muratkyzy [et al.] // *Frontiers in Psychology*. – 2021. – Vol. 12. – Art. 754236.
19. Адаптация и валидация методик профориентации : методические рекомендации / Нац. акад. образования им. И. Алтынсарина. – Астана, 2025. – 70 с. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/999%20FFF%20RS%20RS.pdf>
20. Uristemova, A. Validation of the Kazakh version of the Brief Index of Affective Job Satisfaction in medical universities faculty staff sample / A. Uristemova, A. Myssayev, S. Meirmanov [et al.] // *Journal of Clinical Medicine of Kazakhstan*. – 2023. – Vol. 20 (1). – P. 44-49.
21. Нұрадинов, А. С. Қазақстан халқына Р. Амтауэрдің интеллект тестін бейімдеу және стандарттау / А. С. Нұрадинов, А. С. Мамбеталина, Ж. Т. Уталиева // Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – 2022. – № 4 (141). – 445-452 бб.
22. Standards for Educational and Psychological Testing / American Educational Research Association, American Psychological Association, National Council on Measurement in Education. – Washington, DC : AERA, 2014. – 230 p.

References

1. Abdullaeva, V. K., & Abdullaeva, Ya. D. (2025). *Psikhosomaticheskie rasstroistva u podrostkov: klyuchevye faktory riska* [Psychosomatic disorders in adolescents: Key risk factors]. *ActaCAMU*, 9(9), 114–118.
2. Kondyurina, E. G., Zelenskaya, V. V., Yolkina, T. N., et al. (2010). *Profilaktika psikhosomaticheskoi patologii u podrostkov* [Prevention of psychosomatic pathology in adolescents]. *Sibirskoe meditsinskoe obozrenie*, 3, 1–5.
3. Bobrova, K. V. (2024). *Psikhosomatika u podrostkov: sovremennye metody raboty s psikhosomaticheskimi rasstroistvami* [Psychosomatics in adolescents: Modern methods of working with psychosomatic disorders]. *Molodoi uchenyi*, 5(504), 105–107.
4. Afonicheva, K. V., Marchenko, I. V., & Smolnikova, M. V. (2024). *Polimorfizm gena MAOA (rs1137070) u podrostkov s problemnym ispolzovaniem kompyuternykh videoigr* [MAOA gene polymorphism (rs1137070) in adolescents with problematic computer video game use]. *OpenBio*, 445–446.
5. Eremina, E. K. (2008). *Psikhologicheskaya korrektsiya psikhosomaticheskikh rasstroistv v detskom vozraste* [Psychological correction of psychosomatic disorders in childhood]. *Vestnik prakticheskoi psikhologii obrazovaniya*, 5(3), 92–96.
6. Salekhov, S. A., Gordeeva, E. G., Esaulov, V. I., et al. (2016). *Rol psikhologicheskogo stressa v formirovaniy psikhosomaticheskoi patologii* [The role of psychological stress in the formation of psychosomatic pathology]. *Obrazovatelnyi vestnik "Soznanie"*, 18(5), 13–18.
7. Churina, K. I. (2011). *Vnutrennyaya kartina bolezni i sovladayushchee povedenie podrostkov s khronicheskimi somaticheskimi zabolevaniyami. Vvedenie v problemu* [Illness perception and coping behavior in adolescents with chronic somatic diseases: Introduction to the problem]. *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie*, 240.
8. American Educational Research Association, American Psychological Association, & National Council on Measurement in Education. (2014). *Standards for educational and psychological testing*. American Educational Research Association.
9. Zolotareva, A. A., & Khagai, A. S. (2024). *Adaptatsiya russkoyazychnoi versii detskogo oprosnika somaticheskikh simptomov na vyborke detei-sirot i detei, ostavshikhsya bez popecheniya roditel'ei* [Adaptation of the Russian-language version of the children's somatic symptom questionnaire in a sample of orphans and children left without parental care]. *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie*, 29(2), 65–75.
10. Zolotareva, A. A. (2022). *Otsenka somaticheskikh simptomov v obshchei populyatsii: standartizatsiya russkoyazychnoi versii PHQ-15* [Assessment of somatic symptoms in the general population: Standardization of the Russian-language PHQ-15]. *Kulturno-istoricheskaya psikhologiya*, 18(4), 38–46.
11. Kuanyshev, D. Zh., & Zheksenova, A. N. (2023). *Otsenka samovospriyatiya i psikhicheskogo zdorovya podrostkov so skoliozom* [Assessment of self-perception and mental health of adolescents with scoliosis]. *West Kazakhstan Medical Journal*, 65(1), 29–34.
12. Mynbayeva, A. K. (2018). *Istoriya psikhodiagnostiki v Kazakhstane i Kitae: kross-kulturnyi analiz* [History of psychodiagnosics in Kazakhstan and China: A cross-cultural analysis]. *QazUU Khabarshysy. Psikhologiya zhane aleumettanu seriyasy*, 66(3), 44–52.
13. Kultanova, E., Dushimova, Z., & Ibraeva, Y. (2025). *Adaptation and evaluation of a quality of life questionnaire for patients with hemophilia in the Republic of Kazakhstan*. *Astana Medical Journal*, 125(6), Article amj008.
14. Manatova, A.M. (2020). *Otsenka narushenii nespetsificheskoi rezistentnosti i psikhologicheskogo statusa u potomkov lits, podvergshikhsya radiatsionnomu vozdйствиyu* [Assessment of nonspecific resistance disorders and psychological status in descendants of persons exposed to radiation] [Doctoral dissertation, Semey Medical University].

15. National Center for Public Health. (2023). *Sotsissledovaniya: Osobennosti psikhicheskogo zdorovya podrostkov v Kazakhstane* [Sociological studies: Features of adolescent mental health in Kazakhstan]. <https://hls.kz>

16. Zolotareva, A. A. (2023). *Russkoyazychnaya adaptatsiya simptomaticheskogo oprosnika (Symptom Checklist-K-9, SCL-K-9)* [Russian-language adaptation of the Symptom Checklist-K-9]. *Sibirskii psikhologicheskii zhurnal*, 89, 105–115.

17. Hernández, A., Hidalgo, M. D., Hambleton, R. K., & Gómez-Benito, J. (2020). *International Test Commission guidelines for test adaptation: A criterion checklist*. *Psicothema*, 32(3), 390–398. <https://doi.org/10.7334/psicothema2019.306>

18. Hernández-Torrano, D., Ibrayeva, L., Muratkyzy, A., et al. (2021). *Validation of a Kazakhstani version of the Mental Health Continuum–Short Form*. *Frontiers in Psychology*, 12, Article 754236.

19. *Adaptatsiya i validatsiya metodik proforientatsii : metodicheskie rekomendatsii / Nac. akad. obrazovaniya im. I. Altynsarina.* – Astana, 2025. – 70 s. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/999%20FFF%20RS%20RS.pdf>

20. Uristemova, A., Myssayev, A., Meirmanov, S., et al. (2023). *Validation of the Kazakh version of the Brief Index of Affective Job Satisfaction in medical universities faculty staff sample*. *Journal of Clinical Medicine of Kazakhstan*, 20(1), 44–49.

21. Nuradinov, A. S., Mambetalina, A. S., & Utalieva, Zh. T. (2022). *Qazaqstan khalqyna R. Amthauerdin intellekt testin beıimdeu zhane standarttau* [Adaptation and standardization of R. Amthauer's intelligence test for the population of Kazakhstan]. *L. N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin. Pedagogy. Psychology. Sociology Series*, 4(141), 445–452.

22. *Standards for Educational and Psychological Testing / American Educational Research Association, American Psychological Association, National Council on Measurement in Education.* – Washington, DC : AERA, 2014. – 230 p.

Авторлар туралы мәліметтер:

Салкынбаева А.М. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: ardak_knpu@mail.ru

Серикбаева Н.Б. – хат-хабар авторы, PhD, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Семей қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru

Абишева Ш.Ш. – «Шәкәрім университеті» КеАҚ Семей қ., Қазақстан Республикасы, Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, e-mail: Abisheva.s@bk.ru

Беленко О. – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Шәкәрім университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: oksanapp2005@mail.ru

Ералина А.К. – п.ғ.к., қауымд. профессор Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы, e-mail: eralina.a@iuth.edu.kz

Сведения об авторах:

Салкынбаева А.М. – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан, e-mail: ardak_knpu@mail.ru

Серикбаева Н.Б. – автор для корреспонденции, PhD, и.о. ассоциированного профессора кафедры педагогики и психологии, НАО «Шәкәрім университет», Семей, Республика Казахстан, e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru

Абишева Ш.Ш. – старший преподаватель кафедры педагогики и психологии НАО «Шәкәрім университет», г. Семей, Республика Казахстан. e-mail: Abisheva.s@bk.ru

Оксана Беленко – кандидат психологических наук, ассоциированный профессор Шәкәрім университеті, г. Семей, Республика Казахстан

E-mail: oksanapp2005@mail.ru

Ералина А.К. – к.п.н., ассоц. профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Республика Казахстан, e-mail: eralina.a@iuth.edu.kz

Information about the Author:

Salkynbayeva Ardak – Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, 041600, e-mail: ardak_knpu@mail.ru